

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается сущность понятия «творческие способности», научно обосновываются организационно-педагогические условия развития творческих способностей обучающихся.

RESUME

The essence of the concept "creative abilities" is considered in the article, the organizational and pedagogical conditions for the development of the creative abilities of students are scientifically substantiated.

ӘОЖ 81'272:378

Умбеталина З. Б., филология ғылымдарының кандидаты, көптілді білім беруді дамыту орталығының жетекшісі
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал, Қазақстан

КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ СТРАТЕГИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Аннотация

Бүгінгі таңда мемлекеттік тілді, орыс және ағылшын тілдерін бірдей меңгерген құзыретті, жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандардың жаңа буынын дайындау Қазақстан жоғары білім беру жүйесінің маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады. Мақалада көптілді білім беруді оқу үдерісіне енгізу тәжірибесі, мәселелері және оны дамытудың келешегі қарастырылған.

***Түйін сөздер:** үш тілде оқыту, тіл біліктілігін жетілдіру, көптілді білім беру, біліктілікті арттыру курстары, халықаралық қатысымдық қабілеттерін дамыту*

Бүгінгі күні қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қатар білу адамның жеке басына да, кәсіби қызметіне де қажет маңызды құзыреттілікке айналып келеді. Дегенмен, үш тілде оқытуға көшу жөніндегі мәселе қоғамда түрлі пікірлер туғызып отырғаны да жасырын емес. Оны мақұлдаушылар да, мүлдем қарсы пікірдегілер де бар. Жұртшылықтың енді бір тобы үш тілде оқытуға көшуді қолдағанымен, оны тәжірибеге енгізуге әлі ертерек деген ойда.

Елімізде бұдан бес-алты жыл бұрын жоғары оқу жүйесіне тәжірибе түрінде енгізілген үш тілде оқытуға кезең-кезеңмен, қадам-қадаммен көшудің стратегиялық бағыттары белгіленді. Қазіргі заман ағымы қажет етіп отырған бұл реформа қоғамымыздағы мемлекеттік органдар мен білім беру мекемелерінің, ата-аналар кеңестерінің, БАҚ өкілдерінің, ғалымдар мен зиялы қауым өкілдерінің өзара түсіністікте, тиімді әрі бірлескен әрекеті арқылы жүзеге асырылатыны белгілі [1].

ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын үш кезеңде жүзеге асыру жоспарланған болатын. 2011-2013 жылдар аралығындағы бірінші кезеңінде тілдерді қолдану мен одан әрі дамытудың нормативтік-құқықтық және әдіснамалық базасын жетілдіруге бағытталған іс-шаралар жиынтығын өткізу белгіленген еді. 2014-2016 жылдарға арналған екінші кезең аясында мемлекеттік тілді меңгеру мен қолдану саласында жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыру, сондай-ақ тілдік көптүрлілікті сақтау жоспарланды. Ал үшінші кезеңде, 2017-2020 жылдары, қоғамдық өмірдің барлық саласында мемлекеттік тілдің қажеттілік деңгейі, оның тиісті қолданылу сапасы мен басқа тілдердің ұстанымын одан әрі сақтай отырып, оны меңгеру деңгейіне жүйелі мониторинг жүргізу арқылы нәтижені бекіту жүзеге асырылуы қажет. Бағдарламаны жүзеге асыру қорытындысы бойынша мемлекеттік тілді меңгерген ересектердің үлесі 2014 жылы - 20%, 2017 жылы - 80%, 2020 жылы - 95%. Орыс тілін меңгерген қазақстандықтардың үлесі 2020 жылдарға қарай 90%

құрайды. Ағылшын тілін меңгерген республика тұрғындарының үлесі 2014 жылы 10% -ға тең болады, 2017 жылы – 15%, 2020 жылы – 20%. Үш тілді (мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін) меңгерген тұрғындардың үлесі 2014 жылы – 10%, 2017 жылы – 12%, 2020 жылы – 15%-ға дейін [2]. Еліміздегі білім беру мекемелері осы талаптардың үдерісінен шығу бағытында жұмыстануда.

Қазір заман өзгерді, өмір күрделенді. Білім мен біліктілікке қойылған талап та күннен күнге өсіп, күшейіп келе жатыр. Қазақстан әлемдегі ашық қоғам құрған елдердің бірі болғандықтан, мына жаһандану заманында алпауыт елдерге жұтылып кетпейтін бәсекеге қабілетті мемлекет болуы үшін осы елде өмір сүретін әр адам, әр маман бәсекеге қабілетті болуы шарт. Сондықтан үш тілде оқыту бағдарламасы жаһандану жағдайында бәсекелестікке төтеп бере алатын мамандардың жаңа буынын дайындауға ықпал ететін білім берудің жаңа үлгісі деп қарастырылады [3]. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қатар меңгеру білім алушыға әлем нарығы мен ғылымына шығудың, жаңа технологиялардың кілтін иемденуге мүмкіндік жасайды және болашақ демократиялық қоғамның негізін қалыптастырады. Еліміздегі білім жүйесінің барлық сатысында білім берудің осы жаңа үлгісінің енгізіле бастады. Жоғары оқу орындары да солардың қатарында. Білім беру стандарттары қайта қарастырылуда, оқыту үш тілде жүргізілетін арнайы бөлімдер жыл санап көбейіп келеді.

Елу жылдам астам тарихы және қалыптасқан дәстүрі бар батыс өлкесіндегі Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде көптілді білім беру бағдарламасы 2012 жылдан бастап жүзеге асырыла бастады. Алғашқыда 4 білім беру бағдарламасын қамтыған бұл жүйе бойынша бүгінгі күні 13 мамандық үш тілде мамандар дайындайды. 2020 жылға дейін тағы 7 мамандық көптілді білім беру жүйесін енгізбек. Оқу орнында үш тілде білім беру жүйесінің сәтті жүзеге асырылуына 2014 жылы құрылған Көптілді білім беруді дамыту орталығы зор ықпал етіп отыр. Бұл орталық көптілді білім беруді жүзеге асыратын барлық құрылымдық бөлімшелердің жұмысын үйлестіреді. Орталықтың негізгі мақсаты көптілді мамандарды дайындаудың материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік, теориялық, технологиялық, ресурстық негіздерін қамтамасыз ету және дамыту; оқу үдерісін үш тілде жүргізу үшін ПОҚ дайындау, қайта дайындау және біліктілігін арттыру; білім алушыларды отаншылдық, толеранттық рухта тәрбиелеу бағытында шаралар ұйымдастыру; көптілділікті дамыту бойынша мониторинг жүйесін жетілдіру т.б. болып анықталған.

Елімізде үш тілде білім беруді дамытудың алдағы бес жылға арналған стратегиялық бағыттары белгіленген жол картасын жүзеге асыру мақсатында университетте 2020 жылға дейінгі осы бағытта жүргізілетін іс-шаралар жоспары, үш тілде білім беру жүйесіне көшу бойынша 2016-2020 жылдарға арналған іс-шаралардың қадамдық жоспары әзірленіп, іске асырылуда. Үш тілде білім беру бағдарламасының оқу орнында жүзеге асырылу жағдайы туралы мәселе университеттің ғылыми кеңесі мен әдістемелік кеңесі отырыстарында жыл сайын қарастырылатын маңызды мәселеге айналды.

Оқу орнында үш тілде білім беру бағдарламасын табысты жүзеге асыру үшін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, әдіснамалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, кадрлар даярлау және біліктілікті арттыру бағытында жоспарлаған жұмыстар өз дәрежесінде жүргізілуде.

Университетте көптілді топтарда сабақ беретін оқытушылардың кәсіби және тілдік біліктілігін арттыру бағытындағы жұмыстар арнайы бөлімде жүргізілетін пәндер бойынша оқу үдерісін сапалы ұйымдастыруға және білім алушылардың білім деңгейлерінің жоғары болуына бірден бір ықпал ететін негізгі факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Оқу орнында көптілді кәсіби мамандар даярлау профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің кәсіби салада мемлекеттік тілді меңгеру дағдылары мен халықаралық қатысымдық қабілеттерін дамыту жұмыстарымен қатар жүзеге асырылады. Осы мақсатта университет аясында қазақ, орыс және ағылшын тілдерін бірдей деңгейде меңгеру дағдылары мен шеберліктерін жетілдіру, тіл біліктілігін арттыру үшін студенттер мен профессор-оқытушылар құрамына арналған тіл үйрену курстары жыл бойына ұйымдастырылып келеді.

Үш тілде оқытуды енгізіп, дамытуда және осы жүйе бойынша білім сапасының деңгейін арттыруда басты тұлға – пән оқытушылары. Көптілді білім беруді кадрлық жағынан қамтамасыз етудің аса күрделі әрі маңызды жұмыс болатыны да сондықтан. Оқу орнымызда,

әсіресе соңғы жылдары ағылшын тілінде сабақ жүргізетін кадрларды мақсатты түрде дайындау, яғни оқытушылардың ағылшын тілін білу деңгейін жетілдіру, шыңдау бағытында біршама тиянақты жұмыстар атқарылып келеді. Бүгінгі күні университетіміздің 18 оқытушысы «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша қысқартылған оқу бағдарламасымен университет есебінен екінші жоғары білім алуда. Бұл мамандық бойынша екінші жоғары білім алуға университетте ақысыз ұйымдастырылатын ағылшын тілі курсының тыңдаушылары қатарынан тіл білу деңгейі едәуір жоғары көптілді топта сабақ жүргізетін оқытушылар іріктеліп алынады. Университетімізде көптілді топтардың оқытушыларына арналған ағылшын тілі деңгейлік курстары екі жылдан бері жүргізіліп келеді. «Арнайы мақсаттағы ағылшын тілі» курсы ақысыз, университет қаражаты есебінен ұйымдастырылады. Мақсаты – арнайы бөлімнің көптілді топтарында ағылшын тілінде сабақ жүргізетін оқытушылардың тілдік құзыреттілігін жетілдіру. Былтырғы оқу жылында осындай курста 30 оқытушы Elementary деңгейін оқып, бітіріп шыққан болатын. Биылғы оқу жылында 33 оқытушы «Арнайы мақсаттағы ағылшын тілі» курсының Elementary және Pre-Intermediate деңгейінде тіл біліктілігін жетілдірді. Сонымен қатар барлық оқытушылар мен қызметкерлер үшін ақылы ағылшын тілі курстары жұмыс істейді. Биыл ақылы тіл үйрету курстарында 22 оқытушы тіл құзыреттілігін дамытты. Білім алушыларға арналған ағылшын тілі курстары да тұрақты жұмыс істейді.

Өткен оқу жылында тіл кафедраларының оқытушылары мен кәсіби тіл пәндерінен сабақ беретін барлық кафедралардың оқытушыларына кәсіби тілді жоо-да оқытудың теориялық, тәжірибелік және әдістемелік қырларын меңгерту және тәжірибе алмасу мақсатында Қарағанды мемлекеттік медициналық университетімен бірлесіп біліктілікті арттыру аясында «Жоғары оқу орындарында кәсіби тілді оқытудың ғылыми-әдістемелік аспектілері» тақырыбында 54 сағаттық шеберлік сабақтары ұйымдастырылды. Курсқа 39 оқытушы қатыстырылып, сертификаттар алды. Сонымен қатар 2016ж. қаңтар аралығында Көптілді білім беруді ламыту орталығының ұйымдастыруымен «Көптілділік жағдайында білім беруге инновациялық көзқарастар» тақырыбында семинар-тренинг өткізілді. 18 сағаттық аталмыш семинар-тренингке университеттің барлық факультетінен көптілді топтарында сабақ жүргізетін профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми-әдістемелік семинар жетекшілері мен меңгерушілер қатыстырылып, 38 адамға сертификат тапсырылған болатын.

Биылғы 2016-2017 оқу жылында «Үш тілде білім беру жағдайында жоғары оқу орындарындағы оқытудың белсенді және интербелсенді технологиялары» тақырыбында көптілді топ оқытушыларына арналған біліктілікті арттыру курсы ұйымдастырылды. Орыс және ағылшын тілінде өткізілген осы курстың тыңдаушысы болған 29 оқытушы 72 сағат көлемінде кәсіби пәнді ағылшын тілінде оқыту әдістемесінің қыр-сырын меңгерді, В.С.Аванесов әдісі бойынша тест түрлерін құру тәсілдерін үйренді, тәжірибе алмасты, шеберлік сабақтарында болып, оқытудың белсенді және интербелсенді технологияларын тиімді пайдалану жолдарымен, сабақты студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын пайдалану арқылы ұйымдастыру әдістерімен, ағылшын тілінде өтетін арнайы сабақтарда ойын технологиясын, интеллектуалды карталарды (mind-mapping) пайдалану және оларды ЖОО-да оқу үдерісінде қолдану мүмкіндіктерімен және т.б. танысты. Башқұрт мемлекеттік университетінің ағылшын тілі кафедрасының меңгерушісі, профессор С.Ж.Шафиковтың қатысуымен өткізілген «Intercultural competence as an indicator of secondary language personality formation» біліктілікті арттыру семинары, тәжірибе алмасу мақсатында SES («Служба старших экспертов») бағдарламасы бойынша келген доктор Михаэль Готхольд Рентшлердің (Германия) қатысуымен ұйымдастырылған «Проблемы преподавания профильных дисциплин на английском языке в неязыковом вузе в рамках полиязычия» тақырыбындағы дөңгелек үстел және «Инновационные процессы в современной методике обучения иностранным языкам» тақырыбында семинар-тренинг те оқытушылардың кәсіби-тілдік деңгейін көтеруге зор ықпал еткен шаралар болды.

Университетте Көптілді білім беруді дамыту орталығының (КБДО) ұйымдастыруымен тіл кафедраларының, сондай-ақ үш тілде оқытатын мамандықтар бойынша арнайы кафедралар оқытушыларының кәсіби-педагогикалық және тілдік құзыреттілігін арттыру бағытында атқарылып келе жатқан бұл қажетті істер болашақта да жалғасатын болады.

Жалпы, соңғы үш жылда көптілді топтарда сабақ беретін ПОҚ кәсіби-педагогикалық

және тілдік құзыреттілігін арттыру бағытында атқарылған жұмыстар ауқымды: 179 оқытушы орталықтың ұйымдастыруымен өткізілген біліктілікті арттыру курстарынан өтті (с.і. 2016-17 о.ж. 44 оқытушы); 126 оқытушы ағылшын тілі курстарында оқыды (с.і. 2016-17 о.ж. 54 оқытушы), 44 оқытушы «Өрлеу» БА институтында біліктілігін арттырды (с.і. 2016-17 о.ж. 15 оқытушы), 10 оқытушы «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша университет қаражаты есебінен қысқартылған оқыту бағдарламасымен екінші жоғары білім алып шықты және 8 оқытушы осы мамандық бойынша оқып жатыр; 10 оқытушы шетелдік жоо-ларда (Испания, Үндістан, Франция, Ұлыбритания, Португалия) кәсіби-тілдік деңгейлерін арттырды (с.і. 2016-2017 о.ж. 3 оқытушы).

Үш тілде жүргізілетін пәндер бойынша университеттің ғылыми кітапхана қорын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиетпен толықтыруға қатысу – көптілді білім беруді дамыту орталығының да маңызды міндеттерінің бірі. Оқу үдерісін оқу әдебиеттерімен қамтамасыздандыруға талдау жасау – кітапхана қорының университеттің мамандар дайындау бағытына сәйкестігін нақты зерделеуге мүмкіндік береді, сондай-ақ оның кітап қорын толықтырудың бағыты мен келешегіне болжам жасауға, факультет кафедралары бойынша референттерімен бірлесе отырып оқу әдебиеттерімен аз қамтылған немесе тіпті қамтылмаған пәндерді айқындап, қажетті оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми және анықтамалық әдебиеттерді сатып алу, басып шығару, аудару мақсатында жұмыстану үшін маңызы айрықша іс. Осы себепті көптілді білім беруді дамыту орталығы арнайы бөлім студенттерін оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етудің жай-күйін анықтау және оны жақсарту бойынша жұмыстану мақсатында мониторинг жүргізіп отырады.

Жалпы, бүгінгі күні университетімізде үш тілде білім беру бағдарламасы аясында оқитын студенттерді қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі қажетті оқу әдебиеттерімен қамтамасыз ету төрт бағытта жүргізіліп отыр: 1) қажетті оқулықтарды сатып алу; 2) оқулықтар мен оқу құралдарын ПОҚ күшімен әзірлеп, басып шығару; 3) іріктелген әдебиеттерді аудару; 4) ағылшын тіліндегі электронды ресурстар қорын көбейту.

Осы бағытта атқарылған жұмыстардың нәтижесінде бүгінгі күні кітапхананың электронды базасында ағылшын тілінде мыңнан астам оқу-әдістемелік құралдар бар. Университет оқытушыларының күшімен үш тілде оқытатын 13 мамандық бойынша 80-ге жуық оқу-әдістемелік құралдар дайындалып шығарылды. Олар: оқулықтар, оқу құралдары, терминологиялық сөздіктер, электронды оқулықтар т.б.

Студент жастар арасында мемлекеттік тілді насихаттау, оның мәртебесін көтеру, танымал ету және орыс тілі мен шет тілін меңгеру, үш тілде білім алу қажеттілігін түсіндіру және насихаттау, ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын шыңдау мақсатында да факультет кафедраларында және тіл кафедраларында көптеген тәрбиелік шаралар өткізіледі, тіл пәндері бойынша олимпиадалар, тіл апталықтары, пікірсайыстар, тіл сайыстары, түрлі байқаулар ұйымдастырылады.

Жастарымыздың біразы көптілді білім алуды қалайды, бірінші курстың екінші семестрінде, тіпті екінші курста да көптілді топқа ауыстыру туралы өтініш беріп жататындардың қатары аз емес. Бұл, әрине, олардың үш тілде білім беру саясатын оң қабылдап, бірнеше тілді қатар меңгерудің болашақта кедергісіз лайықты жұмысқа орналасуына, болмаса оқуын әрі қарай жалғастыруына не қызмет бабында өсуіне зор ықпал ететінін, бір сөзбен айтқанда, оның бар алдағы өміріне мол мүмкіншіліктер ашатынын жете түсінуінен деп бағалауға болады.

Екінші және үшінші тілді тиімді меңгеру үшін тілдік ортаны қалыптастырудың интербелсенді әдістері қолданылуда. Былтырғы 2015-2016 оқу жылында мультимедиялық лингафонды кабинет сатылып алынды, қазір оқу үдерісінде тиімді пайдаланылуда. Тіл үйретуде мүмкіндіктері мол бұл кабинеттер тіл үйрету курстарының сабақтарында да жиі пайдаланылатын құралға айналып отыр.

Қазақстан Республикасының «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» жүзеге асырудағы мақсаты еліміздегі басты тіл -мемлекеттік тілді оқытудың деңгейі мен сапасын көтеру болатын. Біз үш тілде оқыту мәселесін сөз еткенде, мемлекеттік тілді меңгеру жайын да айрықша назарда ұстауымыз қажет. Өкінішке орай, қазір біз үш тілде оқыту мәселесін ағылшын тілін оқыту әдістемесі және ағылшын тілінде оқыту

мәселесі шеңберінде ғана қарастырып жүрген жайымыз бар. Мемлекеттік тілді оқыту мәселесі шешіліп қойған мәселе ме сонда? Оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектептерде, арнаулы оқу орындарында, жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту қай дәрежеде? Мектеп түлектері қазақ тілінен жоғары оқу орындарына арналған оқу бағдарламасын игеруге қаншалықты дайын болып келеді? Білім алушылардың кәсіби тілді меңгеруі қалай? Мемлекеттік тілдің өндіріс саласында қолданылу аясы қандай, қажеттілігі қандай деңгейде? Қоғамымызда осы сұрақтар төңірегінде атқаратын жұмыстар аз болмай тұр. Бүгінгі күні алаңдаушылық туғызып жүрген бір мәселе – бұл жастардың орыс тілін, ағылшын тілін меңгергенімен, мемлекеттік тілді білмейтіндігі, тіпті білуге құлшынысының төмендігі. Көптілді топқа алғашқы іріктеу кезінде бірінші курс студенттері қазақ, орыс және ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтау мақсатында тестілеуден өтеді. Сондағы байқап жүргеніміз, орыс бөліміне оқуға түскен студенттер ағылшын тілінен емес, қазақ тілінен тестілеу сынағынан өте алмайды. Кейбіреулерінің қазақ тілінде оқитын пәндер болғандықтан ғана (!), көптілді топта оқығысы келмейтінін қайтерсің?! Бұл ащы да болса, шындық. Демек, көптілділік жағдайында қазақ тілін оқыту мәселесін күн тәртібінен түсірмегеніміз абзал.

Жалпы, көптілді білім беруді өз деңгейінде жүргізу үшін білім алушылардың үш тілді мектеп бағдарламасы аясында меңгеріп келгені жақсы, сонда олар жоғары оқу орында тіл деңгейлерін одан әрі жетілдіріп, кәсіби пәндерді екінші және үшінші тілде игеруге дайын болады. Олай болмаған жағдайда үш тілде оқыту білім алушының кәсіби дайындығының сапасына әсер етері белгілі.

Әрине, жаңа бастаған іс кемшіліксіз болмайды. Жоғары мектепте білім алушыларды үш тілде оқытуда кездесіп жатқан қиыншылықтар аз болмай тұр. Алайда, «жолды жүрген ғана жеңеді». Әрекет етпеген адам ғана қателеспейді. Көптілді меңгеру бүгінгі заманның талабы болып отырғандықтан, жаһандану үдерісінің талабына жауап бере алатын, заман ағымының көшіне ілесе алатын қабілет-дағдыларды меңгеріп, үш тілде қатар сөйлей алатын білікті мамандарды дайындау батыс өлкесіндегі бірден бір аграрлық-техникалық бағытта кәсіби мамандарды даярлайтын біздің оқу орындарымыздың бүгінгі және болашақтағы басты міндеті болып қалатыны анық.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Организационно-педагогические условия взаимодействия субъектов непрерывного полиязычного образования/ Под общ.ред. Б.А.Жетписбаевой. – Қарағанды: ҚарМУ, 2013. –80 б.
- 2 Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Ресми басылым. – Астана, 2011.
- 3 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Ресми басылым. – Астана, 2011.

РЕЗЮМЕ

В настоящее время важнейшей стратегической задачей системы высшего образования Казахстана является подготовка нового поколения компетентных, высококвалифицированных и конкурентоспособных специалистов со знанием государственного, русского и английского языков. В данной статье рассматриваются опыт внедрения, проблемы и перспективы развития полиязычного образования в неязыковом вузе.

Ключевые слова: трехязычное обучение, повышение языковой компетенции, полиязычное образование, курсы повышения квалификации, развитие международной коммуникативной компетенции.

RESUME

Nowadays the most important strategic aim of system high education in Kazakhstan is to train competent, high qualified and competitive generation of specialists knowing the state, the Russian and the Kazakh languages. There are considered the experiences of bringing up, problems and prospects of multilingual education development in non-linguistic institutions.

Keywords: trilingual study, language competence improvement, multilingual education, qualification improvement courses, development of international communicative competence.